

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл басылымның жарыққа шығуына бірнеше себептер негіз болды. Біріншіден, нарықтың қазіргі заманғы құбылмалы жағдайларына жауап беретін оқу орындарының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік материалдардың қажеттілігі оқу процесінің кіріспесі болып табылады. Оқу материалдары бизнес иелері ретінде болашақ жұмыс берушілердің және жоғары білікті мамандар ретінде жалдамалы қызметкердің экономикалық ойлауын қалыптастыру үшін қажет. Осы мақсатты көздеген экономистердің авторлық ұжымы сіздердің назарларыңызға осы материалды дайындады.

Келесі себебі бірінші авторы болып табылатын Балкибаева Аида Макеутовнаның Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2018» гранты болды. Оның жоспарында оқулық дайындау қарастырылды.

Оқулық – бұл толық оқу жоспарын орындау үшін материалдарды жүйелі түрде ұсынатын және, әдетте, бекітілген оқу құралы негізінде жасалады.

Осыған байланысты авторлар дайындалған материалды оқу құралы түрінде сынап көруге, кері байланыс алуға және алынған ескертулермен әрі қарай толықтырып оқулық түрінде дайындауға шешім қабылдады.

ҚР Білім Министрлігіне басылымды дайындауға және жариялауға мүмкіндік бергені үшін алғыс білдіреміз. Оқулықтың сапасын жақсарту мақсатында оқулықты оқып, құнды ескертулерді берген рецензенттерге алғыс білдіреміз.

Оқу басылымын дайындауға екі ЖОО-ның – Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің экономист ғалымдары қатысты.

Тақырып 1 – Габбасова Жумақыз Жаксыгереевна, экономика ғылымдарының магистрі, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ.

Тақырып 2 – Булханрова Жанна Сериковна – PhD, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 3 – Балкибаева Аида Макеутовна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 4 – Булханрова Жанна Сериковна, PhD, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 5 – Жөнехан Дарима, экономика ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 6 – Карабасов Расул Асылбекович, экономика ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 7 – Байдалина Гаухар Шакирбековна, заң ғылымдарының магистрі, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 8 – Балкибаева Аида Максұтовна, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ.

Тақырып 9 – Тлеужанова Данагуль Амангелдиновна, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдасқан профессор, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ.